



**Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**  
**ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н.**  
**ГУМИЛЕВА**  
**L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY**

**«ЖҮЙЕЛІК КӘСПКЕРЛІК: УНИВЕРСИТЕТТЕРДІҢ, БИЗНЕС  
ПЕН МЕМЛЕКЕТТІҢ КООПЕРАЦИЯСЫНЫҢ АҒЫМДАҒЫ  
ЖАҒДАЙЫ МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ»**

*Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының*  
**ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК ТРУДОВ**

*Международной научно-практической конференции*

**«СИСТЕМНОЕ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВО: ТЕКУЩЕЕ  
СОСТОЯНИЕ И ПЕРСПЕКТИВЫ КООПЕРАЦИИ  
УНИВЕРСИТЕТОВ, БИЗНЕСА И ГОСУДАРСТВА»**

**WORKS**

*of the International scientific and practical conference*

**«SYSTEMIC ENTREPRENEURSHIP: THE CURRENT STATE  
AND PROSPECTS OF COOPERATION BETWEEN  
UNIVERSITIES, BUSINESS AND THE STATE»**

**Нұр – Сұлтан, 2022**

**УДК 330**  
**ББК 65**  
**Ж 85**

**Рецензенты:** вице-президент университета «Туран», д.э.н., профессор Алиев О.Ж.

профессор Евразийского национального университета им.Л.Н.Гумилева, к.э.н. Мажитов Д.М.

**Редакционная коллегия**

Майдырова А.Б. – д.э.н., профессор, заведующий кафедрой, Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, г.Нур-Султан

Мырзахмет Ж.К. – PhD, доцент, Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, г.Нур-Султан

Мырзахмет М.К. – к.ф/м.н., доцент Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, г.Нур-Султан

Ауелбекова А.К. – к.э.н., доцент, Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, г.Нур-Султан

**ISBN 978-601-337-675-2**

«Жүйелік кәсіпкерлік: университеттердің, бизнес пен мемлекеттің кооперациясының ағымдағы жағдайы мен перспективалары» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектер жинағы. –Нұр-Сұлтан: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2022. -224б.

Сборник трудов международной научно-практической конференции «Системное предпринимательство: текущее состояние и перспективы кооперации университетов, бизнеса и государства». –Нур-Султан: Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, 2022. -224с.

Works of the International scientific and practical conference «Systemic entrepreneurship: the current state and prospects of cooperation between universities, business and the state». - Nur-Sultan: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2022. -224p.

**УДК 330**  
**ББК 65**

**ISBN 978-601-337-675-2**

- © Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2022
- © Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2022
- © L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2022

алмастыратын және кешенді ЖҚҚ-ны тағайындауға, пайдалану мерзімдеріне қатысты икемді болады. Қазіргі заманғы ЖҚҚ спектрі өндірістік ортаның барлық ықтимал факторларынан және кәсіби тәуекелдерден қорғауды толық қамтитынын ескере отырып, тәуекелге бағдарланған тәсіл негізінде ЖҚҚ-ны қамтамасыз ету әдістемесі, сондай-ақ зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың әсер ету дәрежесі мен түріне сәйкес келетін ЖҚҚ номенклатурасы әзірленеді және енгізіледі.

Тұтастай алғанда, ЖҚҚ қамтамасыз ету процесін реттеу ұсынылатын ЖҚҚ сапасын ескере отырып, тәуекел дәрежесін төмендету тетіктерін ескеретін болады, тиісті әдістемелік тәсілдер әзірленетін болады. Сондай-ақ кәсіби тәуекелдерді бағалау рәсімінің негізгі көрсеткіші ретінде ЖҚҚ қамтамасыз етілуін бағалау бөлігінде маңызды өзгерістер орын алады. Қамтамасыз етілуді бағалау әдістемесі олардың бекітілген нормаларға сәйкес болуын және сапа сертификаттарының болуын ғана емес, сондай-ақ кәсіптік тәуекелді бағалау нәтижелерін де ескеретін болады.

### **Қолданылған әдебиеттер**

1. «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 30 қарашадағы № 799 Қаулысы

2. Кеден одағы Комиссиясының 2011 жылғы 9 желтоқсандағы № 878 шешімімен бекітілген «Жеке қорғану құралдарының қауіпсіздігі туралы» КО ТР 019/2011 Кеден одағының техникалық регламенті

3. «Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің Бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2012 жылғы 1 наурыздағы № 66-м Бұйрығы

4. «Әртүрлі экономикалық қызмет ұйымдарының қызметкерлеріне арнайы киім және басқа да жеке қорғаныш құралдарын беру нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 8 желтоқсандағы № 943 бұйрығы

ӘОЖ 338.48

## **ӘЛЕМДЕГІ ФУТБОЛ ТУРИЗМІНІҢ ДАМУ ФАКТОРЛАРЫ**

**Әбсәмет Есболат Қуандықұлы**

[esbolat\\_1999@mail.ru](mailto:esbolat_1999@mail.ru)

«Туризм» мамандығының магистранты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан  
Ғылыми жетекші - Сыздықбаева Б.У.

Қазіргі таңда туристік нарықта спорт туризмі үлкен танымалдыққа ие болуда. Спорттық туризмнің басты міндеті туристердің таңдалған спорт түрімен

айналысу мүмкіндігін қамтамасыз ету болып табылады. Спорттық туризм арнайы базаны қажет етеді: спорттық жабдықтар; спорт алаңдары; шаңғы және сноубордқа арналған арнайы трассалар және т.б.

Саяхат мақсатына байланысты спорттық туризмі екіге бөлінеді: белсенді және пассивті. Белсенді спорттық туризм дегеніміз спорттың кез-келген түрімен айналысу арқылы саяхат жасау. Ал, кез-келген спорттық іс-шараға көрермен ретінде баруды пассивті спорттық туризм дейміз. Сондықтан футбол туризмін пассивті спорттық туризм қатарына жатқызамыз. Футбол туризмі термині ел ішіндегі, шетелдік және халықаралық футбол матчтарын тамашалауға баратын футбол жанкүйерлеріне қолданылады [1].

Командалық спорт түрлерінен әлемдегі ең танымал спорт-футбол. Футбол командалық ойын. Ойынның негізгі мақсаты 90 минут ішінде қарсылас команданың қақпасына қолдан басқа дененің барлық мүшесімен гол салу және өз қақпасына гол салғызбау болып табылады. Футбол ойынын матч дейді. Матчта екі команда футбол ойнайды. Бір матч 45 минуттық екі бөлімнен және бөлім арасындағы 15 минуттық үзілістен тұрады. Ойын алаңында әр командада 11 ойыншы болады. Футбол ойыны ұзындығы 100-110 метр, ені 64-75 метрлік алаңда өткізіледі [2].

Соңғы жылдары футбол әлем бойынша ауқымды қаржыландыруда. Ірі компаниялар, миллиардерлар футбол клубтарын сатып алып, бизнес жоба ретінде дамытуға құштар. Оның себебі, футбол - ол тек бизнес емес, сонымен қатар имидждік жоба. Футбол клубы атақты болған сайын оған қызығатын жанкүйер саны да артады. Ал қазіргі уақытта бір елден екінші елге саяхат жасау қиындық тудыртпағандықтан өзге елдің жанкүйерлерінің маңызы зор. Себебі, олар қолдап жүрген футбол клубына ғана оң әсерін бермейді, сонымен қатар футбол клубы орналасқан қаланың экономикасына да өзінің оң әсерін тигізеді.

Футбол туризмінің дамуына келесі факторлар әсер етеді [3].

1. Әлеуметтік аспект. Жанкүйерлердің ел ішіндегі немесе әлемдік масштабтағы футбол матчтарын көруге ұмтылысы.

2. Ұйымдастырушылық аспект. Туристік фирмалар заманауи әлемдік тенденцияларды ескере отырып әртүрлі футбол турларын ұйымдастырады. Турға матчқа билет алу, қонақ үйді брондау, футбол клубының стадионына, мұражайына экскурсия жасау сияқты қызметтер кіреді.

Турды ұйымдастыру барысында футбол клубының стадионы және мұражайы маңызды рөл атқарады [4]. Әлемдегі ең танымал футбол клубтарының стадиондары мен мұражайлары бар.

«Альянц Ривьера» стадионы Еуро-2016 чемпионатын өткізуге арналған 10 аренаның бірі ғана емес, сонымен қатар Франция Ұлттық мұражайының жаңа үйі. Мұражайда 45 мың спорттық экспонат бар. Оның жартысына жуығы футболға қатысты. Мұражайда "GOOAL" атты көрме бар. Онда Еуропа чемпионатының бүкіл тарихын еске түсіретін түрлі экспонаттар ұсынылған.

Барселонадағы «Камп Ноу» стадионы футбол әлемінің Меккесі болып есептеледі. Бұл стадионның жалпы сыймдылығы 99 354 орынды құрайды. Осы жылы стадионға ар матчқа орта есеппен 53 257 көрермен келген. «Камп Ноу»

стадионының мұражайы заманауи сенсоры бар экрандармен қамтамасыз етілген. Экрандардан турист Барселона футбол клубы соққан әр жылдағы голдарды көре алады.

3. Экономикалық аспект. Футбол туризмі футболдан өткізетін әртүрлі чемпионаттар қалалар мен елдерге айтарлықтай табыс әкеледі. «МастерКард» компаниясының зерттеу нәтижесі бойынша Еуропада әр маусымда футбол жанкүйерлері футболға 35 миллиард еуро жұмсайды екен. 2016/2017 жылғы маусымда «Барселона» футбол клубы футбол атрибутикасын сату арқылы және коммерциялық матчтар өткізу нәтижесінде 299 миллион еуро пайда тапқан болатын. Сол маусымда Барселонаның «Камп Ноу» стадионы 182 миллион еуро пайда тіркеген болатын. Команданың ойының көруге осы маусымда 2 млн жанкүйер келді. Сондықтан да, танымал футбол клубтары қаланың туристік ағымына да, бюджетіне де он әсерін тигізеді.

4. Жаһандану аспектісі. Германиядағы Еуропалық бизнес мектебінің (EBS) спорт, бизнес және қоғам институты футбол туризмінің пайда болуына әкелген үш мега тенденцияны анықтады. Біріншіден, ұтқырлықтың артуы – халықаралық саяхат жеңіл әрі арзан болған сайын, шетелдегі клубтар енді қолжетімсіз емес. Екіншіден, жаңа медиа арналар жанкүйерлерге клуб туралы ақпаратқа қол жеткізуді және шетелдегі жанкүйерлермен байланысуды жеңілдетті, нәтижесінде «Шекарасыз жанкүйерлер» футбол клубтарының жай-күйі жайлы көбірек біледі. Үшіншіден, атақты футбол ойыншылардың көптеп пайда болуы және түрлі халықаралық чемпионаттардың кең танымалдыққа ие болуы әртүрлі елдерден жанкүйерлердің жиналуына ықпал етеді.

5. Маркетингтік аспект. Түрлі халықаралық және әлемдік чемпионаттарды ұйымдастыру елдің беделіне он әсер етеді. Туристік ағымның артуы және жергілікті халықтың спортқа құштарлығының оянуына футбол туризмі әсерін тигізбей қоймайды. Мәселен, 2018 жылы Ресейде өткізілген әлем чемпионатына 3,4 миллион шетелдік турист келген болатын [5].

Қорытындылай келе, пассивті спорттық туризмді дамыту стратегияларының бірі спорттық қызметтердің халықаралық нарығында футбол турларын қалыптастыру және қамтамасыз ету болып табылады. Түрлі факторлардың әсерінен футбол туризмі әлемде заманауи трендке айналууда. Футбол туризмінің дамуы елдің имиджіне, елдің тек туризмнен ғана емес, сонымен қатар онымен байланысты салалардан түсетін табысының экономикалық өсуіне, сондай-ақ туризмнің басқа да түрлерінің дамуына он әсерін тигізуде.

### **Қолданылған әдебиеттер**

1. Зорин И.В. Туризм как вид деятельности / И.В. Зорин, Т.П. Каверина, В.А. Квартальнов. - М.: Финансы и статистика, 2005. - 288 с.
2. Заваров А. Футбол для начинающих. Основы и правила. – М.: Питер, 2015. – 192 с.
3. Рубис Л.Г. Спортивный туризм: учебник. – Саратов: Ай Пи Эр Медиа, 2019. – 170 с.

4. Алексеев С.В. Спортивный менеджмент. Регулирование организации и проведения физкультурных и спортивных мероприятий: учебник для студентов вузов, обучающихся по направлениям «Менеджмент организации», «Юриспруденция» и «Физическая культура и спорт» / С.В. Алексеев; под редакцией П.В. Крашенинникова. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2014. – 687 с.

5. Перцева Е. ЧМ-2018 привлек в Россию 3,4 млн иностранцев. - URL: <https://iz.ru/773332/evgeniia-pertceva/chm-2018-privlek-v-rossiiu-34-mln-inostrantsev> (дата обращения: 15.03.2022).

ӘОЖ 336.018

## **КОММЕРЦИЯЛЫҚ БАНКТЕ ҚАРЖЫЛЫҚ БАҚЫЛАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕРІ**

**Әмітжан Зарина Ақылбекқызы**

*zarina.amitzhanova@bk.ru*

«Қаржы» мамандығы студенті, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан  
Ғылыми жетекші – Ж.К.Айтмағамбетова

Ішкі бақылау - бұл банк қызметінің барлық деңгейлерінде үнемі жүзеге асырылатын процесс, оны директорлар кеңесі, лауазымды адамдар, басқарушы лауазымды адамдар және басқарудың барлық деңгейлеріндегі қызметкерлер жүзеге асыруы керек [1]. Банктік бақылау барлық учаскелерде банктің қызметін толық және сапалы тексеруді қамтамасыз ететін жүйені қалыптастыруға мүмкіндік береді. Ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру жауапкершілігі банк қызметкерлерінің басшылық құрамына жүктеледі, алайда бұл процеске әрбір банк қызметшісі тартылуы тиіс.

Банктегі ішкі бақылау жүйесінің негізгі мақсаты төмендегілерді тексеру болып табылады:

- қолданыстағы заңнаманы сақтау;
- кредиттік ұйым қызметінің оның даму жоспарына сәйкестігі;
- қаржылық және басқарушылық ақпараттың анықтығы, жеделдігі және толықтығы;
- өтімділікті қолдау бойынша өткізілетін іс-шаралардың ұтымдылығы, банктің рентабельділігі мен тұрақтылығы [1].

Ішкі бақылау жүйесі банк қызметіне нақты бақылау жүргізуді, сондай-ақ банк жұмысының барлық учаскелерінде мониторингті ұйымдастыруды қамтиды, бұл олардың жұмысының нәтижелілігін бағалау және банк бизнесін одан әрі жетілдіру мен дамыту жөніндегі стратегиялық жоспарларды әзірлеу мақсатында коммерциялық банктің барлық бөлімшелерінің жұмысына тұрақты бақылау жүргізуді қамтиды. Мониторинг жүргізу процесінде алынған нәтижелердің негізінде банк басшылығы банк қызметіндегі кемшіліктерді жоюға және